

# Саяси қажытығыстар

“Conflictus” термині “con” – біреуге қарсы, біреумен бірге дегенді білдірсе, “flictus” етістігі ұру, итеру, құлату секілді мағынаны білдіреді. Демек, конфликт терминін қақтығыс, талас, күрес, қарама-қайшылық ұғымдарына сәйкес келеді деуге негіз бар.






Саяси қақтығыс биліктік ресурстарды, игіліктерді ұстап қалуға және бөлісуге ұмтылған екі немесе бірнеше жақтың өзара әрекеті болып табылады. Саяси қақтығыстардың негізінде әртүрлі факторлар бар. Мәселен, Л.Н. Тимофеева саяси қақтығыстың бес бастауын бөліп көрсетеді.

# Бірінші бастау

саясат субъектілерінің  
дәрежесі сәйкес келмеуімен,  
оның рөлдері, қызметтері,  
мүдде мен қажеттіліктерімен,  
ресурстардың тапшылығымен  
сипатталады.



Қақтығыстың **екінші бастауы**

адамдардың басты құндылықтары мен саяси идеяларының, тарихи ағымдық оқиғаларды бағалауындағы сәйкессіздіктерге байланысты.

Бұл теория бойынша қақтығыстар адамның және табиғаттың құрайтын қажеттіліктерінің шектелуі немесе қанағатталмауына байланысты туындайды.

Қақтығыстардың **үшінші бастауы** азаматтардың бірегейлік процесіне байланысты. Демек, әр азамат өзінің әлеуметтік, діни, саяси, т.б. саяси жүйедегі орнын тапқысы келеді.

Қақтығыстың **төртінші**  
**бастауын** Л.Н. Тимофеева

саяси коммуникация  
технологиясында, ең  
алдымен ақпараттың  
қателігінде немесе оны  
арнайы бұрмалаудан  
көреді.

Қақтығыстың **бесінші** қайнар көзі,  
билік үшін күресетін саяси  
қақтығыстағы субъектілердің  
әлеуметтік-психологиялық  
ерекшеліктерінде астарланған. Саяси  
лидерлердің осындай жақтары, яғни,  
шектен шыққан авторитаризм,  
бақылаусыз өзімшілдік және т.б.  
саясаткерлер арасындағы  
араздықтың себебіне айналып, елдегі  
жағдайға тұтасымен ықпал етуі  
мүмкін.



## Саяси қақтығыстардың мынандай түрлері болады:

— заң шығарушы мен атқарушы билік арасындағы қақтығыстар;

— мемлекеттік-құқықтық жүйе және оны өзгертікісі келетін саяси оппозиция арасындағы қақтығыстар;

мемлекет пен басқа саяси институттар арасындағы қақтығыстар;

— мемлекет пен жеке тұлға арасындағы қақтығыстар

**Саяси қақтығыстардың себептері:**

# Біріншіден,

Қақтығыс негізінде әлеуметтік топтар, саясат субъектілері, индивидтердің арасындағы теңсіздік жатыр.

Сонымен қатар, бұл жағдай қоғамда үнемі орын алатын материалдық және рухани құндылықтардың тапшылығымен толықтырылады. Ресурстар шектеулілігінің өзі қақтығысқа себеп болады. Нәтижесінде қоғамда жақсы өмір сүру үшін күрес басталады, оның ішінде: билік, мәртебелік позициялар, жоғары табыс пен байлық.

# Екіншіден,

қақтығыстар индивидтің немесе әлеуметтік топтың базалық қажеттіліктерге қанағатсызданбау нәтижесінде пайда болады.

# Үшіншіден,

индивидтер мен әлеуметтік топтардың күрделі қарама-қайшылықтарда орын алатын құндылық бағдары мен мүдделік кереғарлық қақтығыстың себебі болуы мүмкін.

# Төртіншіден,

азаматтардың әлеуметтік топтармен сәйкестендіру процесі саяси қақтығыстардың қайнар көзі болып табылады және олардың қоғамдағы орнын анықтайды.

# Бесіншіден,

саяси қақтығыс ақпараттың жоқтығымен, берілген қақтығыс бойынша дезинформация ұсыну себептерімен орын алуы мүмкін және оны реттеу процесін қиындатады.

# Алтыншыдан,

қақтығыстың себебі саяси  
қақтығыстардағы субъектілердің  
психологиялық ерекшеліктерінде  
жасырылады.



**Назарларыңызға  
рахмет!!!**